

20.11. 2019.ж

«Әлем таныған тұлға»

1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күні. Бұл мереке 2012 жылдан бері аталып келеді. Артқа шегінсек, 1991 жылдың 1 желтоқсаны тәуелсіз еліміздің тарихындағы ерекше күн. Өйткені, дәл осы күні Қазақстан халқы жалпыұлттық сайлау барысында ел тағдырын Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолына сеніп тапсырған болатын. Биыл, міне, Қазақстан халқы бұл мерекені жетінші мәрте атап өтуде.



Тұңғыш Президент күнінің бекітілуі – елімізге, жерімізге, жалпы құндылықтарымыз бен Елбасымызға деген айрықша құрметтің белгісі. Осы айтулы мереке қарсаңында облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының өнер бөлімшесінің ұйымдастыруымен «Әлем таныған тұлға» тақырыбында арнайы көрме әзірленді. Көрменің мақсаты – Елбасы жайлы жан-жақты мәлімет беру және саясаткердің еңбегіне шолу жасау әрі насихаттау. Көрменің бөлгіші: «Елбасы жеңісі – елдіктің жемісі». Көрменің басына, Назарбаевтың өмірдерегі, туған жері, ата-анасы, балалық шағы мен жанұясы туралы әдебиеттер қойылды. Елбасымыздың қатардағы жұмысшыдан – Президентке дейінгі өсу жолдары туралы кітаптары, фотоальбомдарын осы жерден табуға болады. Ал, көрменің екінші жартысы Елбасының еңбектеріне арналған. Бұл жерде Назарбаевтың әр жылдары жарық көрген кітаптары, ол туралы әлемдік саясаткерлер, политологтардың көзқарасы мен пікірлері топтастырылған әдебиеттер, мерзімді басылымдардан шыққан мақалалары қойылды. Сондай-ақ, көрме сөресінен тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жылдарында Елбасының



тарихи шешімдер қабылдаған еңбектерінде көруге болады. Көрменің дәйексөзі ретінде ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өз сөзін пайдаландық: «Қазақстан – бұл ортақ жер, біртұтас халық және ортақ келешек».

Қазақстан тарихында өзіндік орны бар көшбасшы, саясаткер, қоғам қайраткері, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа арналған көрмені тамашалауға шақырамыз!



